

## ЗАҢ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚАТЕЛЕР

**Нұрқыз Арысбекқызы Нұрбаева**

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты  
Лингвистика орталығының аға ғылыми қызметкері, филология магистрі;  
Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: nurkiz\_82@mail.ru

**Аннотация.** Заң тілі – заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің мәтінін қалыптастыратын лексикалық, синтаксистік және стилистикалық құралдардың жиынтығы. Заң тіліне қойылатын талаптар заң жобасын әзірлеу кезінде басты назарға алынады. Алайда заң жобалау жұмысы барысында мәтіннен лингвистикалық қателерді толықтай жою әрдайым сәтті бола бермейді. Ондай қателерге көбіне лексикалық және стилистикалық қателер жатады.

«Қазақстан Республикасының заңдары мәтіндерінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптардың сақталуына мониторинг жүргізу» тақырыбындағы іргелі-қолданбалы зерттеу барысында тілдік тұрғыдан талданған кейбір заң мәтіндері мақала нысаны болып табылады.

Мақала тақырыбының өзектілігі – қолданыстағы заңнама мәтініндегі қателерді анықтау және түзету, құқықтық нормалар мағынасының бұзылуына алып келетін олқылықтарды айқындау, олардың алдын алу тәсілдерін қарастыру.

Автор мақалада қолданыстағы заңнама мәтіндерінде жіберілген лексикалық, грамматикалық сипаттағы және басқа да лингвистикалық қателерге нақты мысалдар келтіреді. Нормативтік сөйлемдер мен құқықтық нормаларға қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары мен ережелеріне сәйкестігі тұрғысынан талдау жасайды.

Автор қолданыстағы заңдардың мәтінін зерделей келе, құқықтық акті мазмұнының сапасы жоғары болуын қамтамасыз ету үшін қолданыстағы заңнамаға ауқымды мониторинг жүргізу; терминдерді бірізділікке келтіру мақсатында заң терминологиясын қолдану қағидаларының жинағын әзірлеу; құқықтың әртүрлі саласына қатысты заң техникасын зерттеуді дамытуға жағдай жасау; жоғары оқу орындарының білім беру процесіне «Тіл және құқық», «Заң шығару техникасы» сияқты тиісті заң-лингвистикалық пәндерді курстар немесе арнайы курстар түрінде оқытуды енгізу қажет деп пайымдайды.

**Түйін сөздер:** заң тілі, заң мәтінінің сапасы, тілдік қателер, лингвистика, термин, лексикалық үйлесімділік.

## ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОШИБКИ В ТЕКСТАХ ЗАКОНОВ

**Нурбаева Нуркиз Арысбековна**

Старший научный сотрудник Центра лингвистики Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, магистр филологии;  
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: nurkiz\_82@mail.ru

**Аннотация.** Язык закона – совокупность лексических, синтаксических и стилистических средств, формирующих текст закона или иного нормативного правового акта. Требования к языку закона принимаются во внимание при разработке законопроекта. Однако в процессе законопроектной работы полное устранение лингвистических ошибок из текста не всегда удается. К таким ошибкам часто относятся лексические и стилистические ошибки.

Предметом статьи являются некоторые тексты законов, проанализированные с языковой точки зрения в ходе фундаментально-прикладного исследования на тему «Мониторинг соблюдения требований к содержанию и стилю изложения текстов законов Республики Казахстан».

Актуальность темы статьи заключается в выявлении и исправлении ошибок в тексте

действующего законодательства, определении пробелов, приводящих к нарушению смысла основных нарузок правовых норм, и рассмотрении способов предотвращения.

Автор приводит в статье конкретные примеры типичных лингвистических ошибок лексического, грамматического характера и других, встречающихся в текстах действующего законодательства. Проводит анализ нормативных предложений и правовых норм на предмет их соответствия нормам и правилам современного казахского литературного языка.

Изучая тексты действующих законов, автор полагает, что необходимо провести масштабный мониторинг действующего законодательства для обеспечения высокого качества содержания правового акта; разработать сборник правил применения юридической терминологии с целью приведения терминов к единообразию; создать условие для развития исследований юридической техники, относящейся к различным отраслям права; ввести в образовательный процесс вузов изучение соответствующих юридическо-лингвистических дисциплин таких как «Язык және право», «Законотворческая техника» в виде курсов или спецкурсов.

**Ключевые слова:** язык закона, качество текста закона, языковые ошибки, лингвистика, термин, лексическая совместимость.

## LINGUISTIC ERRORS IN LEGAL TEXTS

**Nurbayeva Nurkiz Arysbekovna**

Senior Researcher, Linguistic Center, Institute of Legislation and Legal Information,  
Republic of Kazakhstan, Master of Philology; Astana, Republic of Kazakhstan;  
E-mail: nurkiz\_82@mail.ru

**Abstract.** The language of the law encompasses lexical, syntactic, and stylistic elements that shape the text of a law or other normative legal act. Requirements for the language of the law are considered during the drafting of a bill. However, in the process of legislative work, complete elimination of linguistic errors from the text is not always achievable. Such errors often include lexical and stylistic inaccuracies.

The subject of the article is certain legal texts analyzed from a linguistic standpoint as part of fundamental and applied research on the topic "Monitoring Compliance with Content and Style Requirements in the Laws of the Republic of Kazakhstan."

The relevance of the article lies in identifying and rectifying errors in the text of current legislation, determining gaps that lead to a distortion of the meaning of the main legal norms, and exploring ways to prevent such distortions.

The author presents specific examples of typical linguistic errors of lexical, grammatical, and stylistic nature, as well as others found in the texts of current legislation. An analysis is conducted of regulatory proposals and legal norms to assess their conformity with the norms and rules of modern Kazakh literary language.

While examining the texts of current laws, the author believes it is necessary to conduct comprehensive monitoring of current legislation to ensure high-quality content of legal acts; to develop a compendium of rules for the use of legal terminology to standardize terms; to create conditions for the development of research on legal technology across various legal domains; and to introduce into the educational process of universities the study of relevant legal and linguistic disciplines such as "Language and Law" and "Legislative Technique" in the form of courses or specialized courses.

**Keywords:** language of the law, text quality, language errors, linguistics, terminology, lexical compatibility.

DOI: 10.52026/2788-5291\_2024\_77\_2\_297

### Кіріспе

«Қазақ үй тіккенде уығының мықты болуына қатты көңіл бөлген. Керегенің мықтылығы өз алдына, уық мықты болса, шаңырақ шайқалмайды, киіз үй құламай-

ды. Заңгерлер үй салмайды. Олардың қолынан келетіні заңнамалық актілерді жаңсау, түсіндіру, қолдану. Заңдар мемлекеттің уығы іспеттес. Ал сөздерді заңдардың іргесі қаланатын кірпішпен салыстыруға бола-

ды. Сөзі тұрлаусыз заң қауқарсыз. Қазіргі кезде мәселе заңдардың санында, оларды білу, не білмеуде емес, сапасында, олардың әр сөзінің орнында тұруында, санаға тікелей әсер етуінде. Олай болуы үшін заң сөзі жасық, жалаң емес, өзегінде ұлттың рухын, өзіндік төлтума келбетін беретін деңгейде болуы керек. Заңда әр сөз өз орнында тұруы, бір мағынада қолданылуы, сол мағынада түсінілуі бұлжымас шарт.» [1].

Кез келген мәтін тілдік, логикалық, грамматикалық және графикалық негізден тұрады. Заң мәтінінің де өзіне тән функционалдық-стильдік ерекшелігі болады. «Құқық мәтіндерінің ерекшелігі сөйлемдердің бір-бірімен байланыста болуы мен ой мазмұнының бірізді динамикалы түрде тізбектеле өрбуі. Бұл, негізінен, тек заң мәтіндерінде ғана емес, барлық мәтін түрлеріне қойылатын талап. Әйтсе де, заң мәтіндерінде бұл талап ерекше ескеріліп, орындалуы тиіс. Сондай-ақ заң жобаларын жазу үстінде ойдың үзіліп қалуы немесе кездейсоқ ұмытылып кетуі қатаң түрде, үзілді-кесілді жіберуге болмайтын қателік. Өйткені ондай қателікті басқа мәтіндермен салыстырғанда, заң мәтіні маңызды құжат ретінде мүлдем көтере алмайды. Бұл заң жобаларын дайындау барысында міндетті түрде орындалуға тиісті талап.» [2, 47-б.].

Заң жобалау барысында жіберілетін, лексикалық, грамматикалық және пунктуациялық нормалардың бұзылуына байланысты қателердің қабылданған заңдарда болмауы жалпы заңнама тілінің сапасын едәуір арттырады.

Заң мәтінінің жеткілікті түрде пысықталмауы, лингвистикалық қателердің жіберілуі оның сапасына әсер етеді, бұл мүдделі тұлғаның әрбір нақты құқықтық норманы екіұшты қабылдауына себеп болады. Сондай-ақ «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының<sup>1</sup> (бұдан әрі – Құқықтық актілер туралы заң) 24-бабы 3-тармағының үшінші абзацында аталған қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығының бұзылуына алып келеді.

Жалпы лингвистикалық қателер нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерінде кездесетін лексикалық, стилистикалық, орфографиялық, синтаксистік қателерді білдіреді. Қателердің бұл түріне: мәтінді

баяндау логикасын сақтамау, тіл стильдерін араластыру (ресми-іскерлік стильмен қатар публицистикалық, ғылыми стильді қолдану); сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық үйлесімдігінің болмауы; сөйлемдердегі сөздердің байланысу тәртібінің сақталмауы; арнаулы заң терминдерін өз еркінше қолдану, нормативтік актілерде белгісіз жаңа терминдерді қолдану; нормативтік актінің мәтінінде қысқарған сөздерді мәтінде мазмұнын ашпай қолдану жатады.

### Әдістер мен материалдар

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Лингвистика орталығының 2023 жылғы іргелі-қолданбалы ғылыми зерттеу жұмысы аясында «Қазақстан Республикасының заңдары мәтіндерінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптардың сақталуына мониторинг жүргізу» тақырыбы бойынша бірқатар заңға талдау жүргізілді. Талдау барысында шолу, лингвистикалық талдау және салыстыру сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Терминдер мен сөз тіркестерінің мағынасын нақтылау мақсатында сөздіктерге салыстырмалы түрде зерделеу жүргізілді. Кейбір терминдер мен сөздердің мағынасына анықтама беріліп, олардың дефинициясын ашатын нұсқаларға мысалдар келтірілді.

### Нәтижелер мен талқылау

Заң терминологиясы, атап айтқанда, мемлекеттік шешімдердің ресми тілдік нұсқаушысы болғандықтан, оның құқықтық нормаларды қалыптастыру және қолдану процесінде маңызы зор. Кез келген нормативтік актінің мәтіні анық, қысқа әрі нұсқа болуы керек.

Заң мәтінінде терминдер мен фразалар саны шектеулі түрде қолданылып қана қоймай, ұғымды түсінуде қиындық тудырмауы үшін сөздер тура мағынасында қолданылуы қажет. Заң мәтінінде қамтылған құқық нормалары тек мамандарға ғана емес, бүкіл азаматқа түсінікті болуы керек. Терминдерді бейнелі мағынада қолдануға жол берілмейді.

Дегенмен іргелі-қолданбалы зерттеу объектісі болған, Қазақстанның тәуелсіз, егемен ел болып қалыптасуының алғашқы жылдарында қабылданған заңдардан тілдік нормалардың (орфографиялық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік) бұзылуына

<sup>1</sup> «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 480-V Заңы (қаралған күні: 10.01.2023 ж.).



байланысты қателерді кездестіруге болады. Іргелі-қолданбалы зерттеу жұмысы барысында анықталған осындай лингвистикалық қателерді топтастыра отырып, бірнеше мысал келтіруге болады. Мәселен:

*Лексикалық қателер:*

*Терминдердің бірізді қолданылмауы, баламасының дұрыс берілмеуі*

«Нотариат» туралы 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының<sup>2</sup> (бұдан әрі – Нотариат туралы заң) 95, 96 және 97-баптарында «морской протест» термині «теңіз наразылығы», тіпті 30-1-баптың 1-тармағының 13) тармақшасында «теңіздік наразылық» деп қолданылған. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында<sup>3</sup> берілген ұғымдық аппаратқа сүйенетін болсақ, көлік және қатынас жолдары саласында қолданылатын бұл термин кеме жүзіп бара жатқан немесе тұрған кезеңде орын алған оқиға туралы кеме капитанының дәлелдемелерді қамтамасыз ету мақсатында кеме иесіне мүліктік талаптар қоюға негіздеме бола алатын мәлімдемесін білдіреді. Соған сәйкес Заңда термин «теңіздегі наразылық» деп алынған. Бұл нұсқа ұғымның нақты белгілерін, мағынасын толық ашып бере алады деуге болады. Ал Нотариат туралы заңда қолданылған «теңіз наразылығы», «теңіздік наразылық» деген баламалар калькалау тәсілі арқылы жасалған.

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы» 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының<sup>4</sup> (бұдан әрі – Мемлекеттік күзет туралы заң) 8-бабының 7) тармақшасында «в случае» сөзінің баламасы ретінде тар мағынаны беретін «рет» сөзі алынған. 90-жылдары қабылданған заңдардың мәтінін шолып өтсек, сол жылдары аталған сөз «ретте» деп жаппай аударылған.

Заң тілі – сөйлемдерді заң формулалары ретінде құрайтын, ықшамдық және анықтық, заң шығарушы ойының дәлдігі ерекшеліктеріне ие, арнайы терминологиясы бар спецификалық тіл. Заң мәтіні әдеби тіл нормала-

ры, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады. Бұл тұста лексикалық, мағыналық үйлесімнің болуы да – заң терминін өз мағынасында сапалы қолданудың бірден-бір шарты. Осы талаптарды ескеретін болсақ, заң мәтінінде аталған сөзге «жағдайда» деген нұсқа тура келеді.

Десек те «рет» деген баламаны Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдары қабылданған, заң тілі әлі пісіп жетілмеген кезде қолданылған нұсқа деп қарастыруға болады. Бірақ бұл аталған нұсқа заң мәтінінен басқа мәтінде «в случае» сөзінің баламасы бола алмайды деген сөз емес. «Представился удобный случай» деген тіркес қазақ тілінде «реті келді» деп қолданылып, «рет» сөзі әдемі балама болады.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының<sup>5</sup> (бұдан әрі – Серіктестіктер туралы заң) 38-бабының 2-тармағында «Законодательными актами или учредительными документами товарищества с ограниченной ответственностью может быть предусмотрено образование резервного капитала и других фондов.» деген норма қазақ тіліндегі нұсқада «Заң актілерінде немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік жарғысында резервтік капитал және басқа да қорлар құру көзделуі мүмкін.» деп берілген. Мұнда «учредительными документами» деген тіркес қазақ тілінде аталған құжаттардың тізбесіне кіретін бір ғана құжат, яғни «жарғы» сөзімен шектеліп, теңтүпнұсқалылық сақталмаған.

«Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының<sup>6</sup> (бұдан әрі – Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заң) 16-бабының 3-тармағында «их правопреемников (наследников)» деген тіркесте «правопреемник» термині де, «наследник» термині де «мұрагер» деп қолданылған. Аталған тіркестегі термин сөздер екі ұғымды білдіреді. «Азаматтық құқықта «правопреемник» деп заңға немесе келісімге (шартқа) сәйкес тікелей бір адамнан екінші адамға құқықтың ауысуы түсініледі. Ал «на-

<sup>2</sup> «Нотариат» туралы 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының N 155-І Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000155> (қаралған күні: 09.01.2023 ж.).

<sup>3</sup> «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының № 284 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000284> (қаралған күні: 09.01.2023 ж.).

<sup>4</sup> «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы» 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының N 2483 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002483> (қаралған күні: 10.01.2023 ж.).

<sup>5</sup> «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының N 220-І Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000220> (қаралған күні: 09.10.2023 ж.).

<sup>6</sup> «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының N 326-І Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000326> (қаралған күні: 10.01.2023 ж.).

следник» – мұра қалдырушының мүлкіне ие болушы жеке тұлға немесе корпорация (алқа)»<sup>7</sup>. Аталған «правопреемник», «наследник» терминдерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы тиісінше «мирасқор», «мұрагер» деп бекіткен<sup>8</sup>. Қолданыстағы заңнама тілінде «правопреемник» терминінің «құқықтық мирасқор» және «құқық мирасқоры» деген нұсқалары кездеседі. «Құқықтық мирасқор» деген нұсқадағы «құқықтық» сөзі есім сөзге -тық жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Бұл ретте аталған сөзбен тіркескен «мирасқор» сөзі субъектіні білдіретіндіктен, -тық жұрнағын қолдану орынсыз болады, сондықтан аталған терминге балама ретінде «құқық мирасқоры» деген нұсқаны қолданған жөн деп ойлаймыз.

*Заң тілін теріс сипаттайтын лексикалық кемшіліктермен байланысты қателердің келесі түрі – лексикалық үйлесімділіктің бұзылуы*

Серіктестіктер туралы заңның 52-бабында «тиісті дәрежеде басқармауы душар еткен зияндар» (3-тармақ), «тиісті дәрежеде басқармауы душар еткен серіктестіктің дәрменсіздігі (банкроттығы)» (4-тармақ) деген тіркестерде «вызванной» сөзі «душар еткен» деп аударылып, сөздердің лексикалық үйлесімділігі ескерілмеген, көркем әдебиет стиліне тән, эмоционалды-экспрессивтік бояуы бар тұрақты тіркес аталған сөзге балама ретінде алынған. Сөйтіп адамның физикалық қалпын бейнелейтін тұрақты тіркес заң тілінде әрекетке қатысты қолданылған.

Бұл ретте соңғы қабылданған заң мәтіндерінде «вызванный» сөзіне балама ретінде «туындаған» сөзін қолдану қалыптасқанын айта кету керек.

«ДУШАР ЕТТІ» деген тіркес бір бөлеге кездестірді, тап қылды деген мағынаны білдіреді. Сіз бізді тіптен адам төзгісіз жағдайға душар етіп отырсыз (Б.Майлин, Шығ.). Гипертония бүкіл организмді әлсіретіп, адамның қызмет қабілетін кемітіп, кейде мүгедектікке де душар етеді (С.Сұбханбердин, Дәрі-дауа.)»<sup>9</sup>.

Заң мәтнінде терминдерді қолдану кезінде сөздердің бір-бірімен байланысу қабілетіне негізделетін лексикалық үйлесімділік ерекшеліктері ескеріліп, сөздердің лексикалық үйлесімділігінің шекаралары, ең алдымен, олардың семантикасы, стилисти-

калық байланысы және грамматикалық қасиеттері бойынша анықталуы қажет.

Жалпы құқықтық құжаттың мәтнінде кез келген эмоционалды бояуы бар сөздерден аулақ болу керек. Бұл сөздің ресми-іскерлік стильге функционалды-стильдік тұрғыдан қатысты болуына тікелей байланысты. Нормативтік-құқықтық актінің тілі бейтарап болуы, артық эмоциялар тудырмауы және ондағы мағынаның мәнінен алшақтамауы керек. Салтанат, пафос, риторикалық мәселелерді, стилистикалық фигураларды қолдануға болмайды.

Сонымен қатар Мемлекеттік күзет қызметі туралы заңның 9-бабының 7) тармақшасында және 10-бабының бірінші абзацында «ношение» деген сөз «тағынып жүру» деп алынған.

«Тілімізде азаматтың амал-әрекет, табиғи күй жағдайлары тұр, жатыр, жүр, отыр етістіктері арқылы беріледі. Бұл сөздерді тіл білімінде қалып етістіктері деп атайды. Яғни «тағынып жүру» тіркесі «тағыну» сөзінің қалып етістік түріндегі формасы. Ал «тағыну – тағын етістігінің қимыл атауы. Тағын – Өзіне тағу, үстіне қадау. Ботамды көрдім түсімде Қырмызы моншақ тағынған. Ботамды көрдім түсімде Атасын боздап сағынған (М.Жұмабаев, Шығ.). Жалтырауық тағынып, Қылтиғанды қыр қылмай. Мазақтатып әркімге Өзімізді жыр қылмай (Ш.Құдайбердиев, Шығ.)»<sup>10</sup>.

Жоғарыда айтылғандарды негізге алатын болсақ, аталған заң мәтнінде қолданылған «табель қаруы мен арнаулы құралдар» және «тағынып жүру» деген сөздер бір-бірімен тіркесіп, мағыналық жағынан үйлесімдік сипатқа ие бола алмайды. Бұл сөздер тіркесуі үшін олардың арасында мағыналық (ұғымдық) үйлесім болуы керек. Ал лексикалық үйлесімділік көптеген факторларға: сөздің семантикасына, яғни мағынасына, сөз мәнеріне, тіпті сөздердің экспрессивті-эмоционалды бояуына және олардың грамматикалық ерекшеліктеріне де байланысты болады.

Ал «ношение» сөзі қазақ тіліне тіркескен сөзіне қарай аударылады. Мәселен, ношение военной формы одежды – әскери киім нысанын киіп жүру; ношение оружия, специальных средств – қаруды, арнаулы құралдарды алып жүру.

Бұған қоса іргелі-қолданбалы зерттеу жұмысы барысында «Жаппай саяси қуғын-сүр-

<sup>7</sup> <https://determiner.ru> (қаралған күні: 09.10.2023 ж.).

<sup>8</sup> <https://termincom.kz> (қаралған күні: 09.10.2023 ж.).

<sup>9</sup> [Sozdikqor.kz](https://sozdikqor.kz) порталы. <https://sozdikqor.kz/soz?id=405801&a=Dyshar%20etti> (қаралған күні: 09.10.2023 ж.).

<sup>10</sup> [Sozdikqor.kz](https://sozdikqor.kz) порталы. <https://sozdikqor.kz/soz?id=315194&a=TAGYN> (қаралған күні: 09.10.2023 ж.).

гіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына да талдау жүргізілгенін айта кеткіміз келеді. Аталған заңда сөздердің лексикалық үйлесімділігі сақталмаған, терминдер мүлде бірізді қолданылмаған, заң техникасы бойынша да кемшіліктер жетерлік. Бұл заңдағы тілдік кемшіліктерге А.Мединаеваның «Қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктері» деген мақаласында [3, 114-б.] мысалдар келтірілген.

*Сөздердің түсіп қалуы, лексикалық толымсыздық*

Мемлекеттік күзет туралы заңның қазақ тіліндегі мәтінде 17-баптың тақырыбы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің құқықтық жағдайы» деп жазылып, «и военнослужащих» сөздері аударылмай қалып қойған.

Осы 17-баптың тақырыбына Қазақстан Республикасының 04.07.2014 жылғы № 233-V Заңымен өзгеріс енгізілген. Бұл Заңның 1-бабы 14-тармағының 13) тармақшасында:

«17-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы» делінген. Яғни қандай да бір себептермен «мен әскери қызметшілерінің» деген сөздер негізгі Заңға енбей қалып қойған, осылайша Заңның қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы бұзылуына жол берілген.

Бұл мысалмен қатар іргелі-қолданбалы зерттеу жұмысына арқау болған заңдар тізімінде жоқ, алайда жұмыс барысында көзіміз шалып қалған тағы бір қатені айта кеткіміз келеді. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының<sup>11</sup> орыс тіліндегі мәтінде, 1-баптың 10) тармақшасында «образовательный грант» ұғымына анықтама берілген. Ал қазақ тіліндегі нұсқада бұл тармақша мүлде жоқ, яғни аталған ұғымға анықтама берілмеген.

*Грамматикалық қателер:*

«Тілдегі кей сөздер грамматикалық құрылысқа түскенде ешбір грамматикалық тұлғасыз-ақ белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіре алады. Ол білдіретін грамматикалық мағына сөз түбірі білдіретін грамматикалық мағынадан бөлек болады. Міне, сондай арнайы қосымша көрсеткіші

болмай, грамматикалық тұлғасы көрінбей тұрып грамматикалық мағына білдіруді нөлдік тұлға не нөлдік форма немесе сөздің нөлдік морфемада қолданылуы делінеді.» [4]. Кейбір сөз тұлғаларының грамматикалық формалары сөздің ыңғайына қарай ашық түрде жалғанады не жасырын түрде түсіріліп қолданылады. Алайда осы ереже «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының<sup>12</sup> 33-бабының бірінші абзацында «процедуры их проведения» деген тіркесті «сауда-саттық өткізудің рәсімі» деп аудару кезінде сақталмаған, ілік септігі жасырын формада қолданылмаған. Бұл ретте түсінікті болуы үшін орыс тіліндегі мәтіндегі «их» деген сөз «сауда-саттықты» білдіретінін айта кетеміз.

Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңның 4-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында «документальные памятники истории и культуры» деген тіркес «тарих пен мәдениетті деректі ескерткіштері» деп берілген. Мұнда «мәдениет» сөзіне ілік септігінің орнына табыс септігі қолданылып, қате жіберілген.

Сондай-ақ Серіктестіктер туралы заңның 58-бабының 1-тармағында «для осуществления контроля» деген тіркес «бақылауды және жүзеге асыру үшін» деп дұрыс аударылмай, «бақылау», «үшін» сөздерінің арасындағы грамматикалық байланыс бұзылған.

*Синтаксистік қателер:*

Заң мәтінінің құрамындағы сөйлемде сөздердің тікелей орын тәртібінің сақталмауы бойынша қателерді де кездестіруге болады. Мұндай қателердің заң мәтінде болуы, оның ішінде сөйлем мүшелерін орыс тіліндегідей орналастыру фразедағы мағыналық акценттерді алмастырып, бастапқы мағынасын бұрмалап жіберуі, норманы ұғынып, қабылдауда қиындық тудыруы әбден мүмкін. Өйткені жазба тілдегі сөздердің ақпараттық рөлі сөйлем соңына қарай орналасуына байланысты болады.

Мәселен, Мемлекеттік күзет туралы заңның 12-бабының екінші абзацындағы «Запрещается применять специальные средства в сторону охраняемого лица, а также в отношении женщин с видимыми признаками беременности, лиц, с явными признаками инвалидности и малолетних, кроме случаев совершения ими нападения на охраняемых

<sup>11</sup> «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 319 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (қаралған күні: 09.10.2023 ж.).

<sup>12</sup> «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 2723 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002723> (қаралған күні: 10.01.2023 ж.).



лиц, угрожающего их жизни и здоровью, группового нападения либо оказания вооруженного сопротивления» деген нормаға ұқсас норма «Сыртқы барлау туралы» 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы<sup>13</sup> (бұдан әрі – Сыртқы барлау туралы заң) 16-2-бабының 2-тармағында бар. Орыс тіліндегі мәтіндерді салыстыратын болсақ, **«сотрудников органа внешней разведки, граждан и»** деген сөздерден басқасы сөзбе-сөз қайталаанады. Алайда екі Заңдағы норманың аудармасы екітүрлі. Мемлекеттік күзет туралы заңда «Күзетілетін адам тұрған жаққа қарай, сондай-ақ жүктілігі білініп тұрған әйелдерге, мүгедектігі айқын көрініп тұрған адамдарға және жас балаларға қатысты, олар күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуыл жасаған, топталып шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа кезде, арнаулы құралдарды қолдануға тыйым салынады.» деп берілген. Мұнда сөздердің орналасу тәртібі норманы түсінуде қиындық тудырады. Ал Сыртқы барлау туралы заңда **«Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің, азаматтар мен күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтық шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, күзетілетін адамға бағыттап, сондай-ақ жүктілік белгілері анық білінетін әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білінетін адамдарға және жас балаларға қатысты арнайы құралдар мен жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.»** делінген.

Жалпы нормалардың аудармасында мұндай айырмашылықтың болуын аудармашының баяндау стилі мен стилистикалық тәсілдерді қолдануымен, бұл салада нақты ұсынымдық сипаттағы материалдардың жоқтығымен байланыстыруға болады. «Соңғы кезеңдегі тарихи әдеби шығармалардың тілі болмаса, басқа мәтіндер тілін зерттеген тілдік еңбекті кездестіре қою қиын. Стилистикалық тұрғыдан зерттеп, арнайы қарастыруды қажет ететін тілдік мәтіндердің түрлері жоқ емес, баршылық. Олардың әрқайсысының тілдік, мәтіндік ерекшеліктері бар екендігі шындық. Десек те, солардың өзі осы уақытқа дейін қазақ тіл білімінде тілдік тұрғыдан стилистиканың нысанына ілінбей, қарастырылмай келді.

Заң тілін зерттеу көршілес орыс тіл білімінде әлдеқашан қолға алынғандығына

Н.А. Власенко, С.С. Алексеев, И. Грязин, А.С. Пиголкин, С.А. Боголюбов сияқты басқа да орыс ғалымдарының зерттеулері дәлел бола алады.» [2, 45-б.].

Сонымен қатар жоғарыда аталған Сыртқы барлау туралы заңдағы мына бір қатені айта кеткіміз келеді. Заңның 16-2-бабының 1-тармағының 8) тармақшасында «азаматтардың, күзетілетін адамдар мен объектілердің өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандығына, жеке басының абыройы мен меншігіне қол сұғатын» деген тіркес кездеседі. Бұл тіркеске қарап, сыртқы барлау қызметі органы қорғайтын объектілердің жаны бар ма дерсің. Мұндағы «мен объектілердің» деген сөздерді «күзетілетін адамдар» деген сөздермен қатар орналастыру сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін бұзып, мағына дәлдігінің сақталмауына алып келіп тұр.

Бұған қоса заң мәтінінде негізгі сөздермен тіркесу қабілеті олардың лексика-грамматикалық мағынасының нақтылануына ғана әсер етпей, сөз бен сөз арасындағы байланысу тәсіліне арқау болып, соның негізінде сөз тіркестерінің белгілі бір синтаксистік қатынаста болуына әсер ететін шылау сөздердің синтаксистік қызметі ескерілмей жататын жайттар көптеп кездеседі. Мәселен, Мемлекеттік күзет қызметі туралы заңның 9-бабының 10) тармақшасында «баланста тұрған объектілерді пайдалану», «оларға техникалық күтімді қамтамасыз ету» тіркестері «мен» жалғаулық шылауы арқылы байланыстырылған. Бұл ретте «және» шылауының орнын «мен» шылауы алмастыра алмайды. Ғылыми стильде «және» жалғаулық шылауының қызметі күрделі ойды бір сөйлемге сыйыстыруы арқылы байқалады. Егер осы тіркестегі бірыңғай мүше түріндегі сөздер қосымшасыз және бір мәселеге қатыссыз қолданылса, «мен» жалғаулық шылауын қолдануға болар еді.

«Мен (бен, пен, менен, бенен, пенен) жалғаулығы негізінде бірыңғайласқан есім сөздерді, қимыл атауларын және кейбір субстантивтенген сөздерді бір-бірімен байланыстырады. Мысалы: Көптен бері Абай бұндай намыс пен ыза, алдану мен қиянат, қимастық пен арлану, ұялып арланудың неше қырлы қысымын көрмегендей (М. Әуезов).

Және жалғаулығы да бір түрлі формадағы жалаң я күрделі зат есім, сын есім, есімдік, етістік сияқты атаушы сөздерді ыңғайластыра байланыстырады. Мысалы, Кейбір

<sup>13</sup> «Сыртқы барлау туралы» 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының № 277-IV Заңы. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000277\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000277_) (қаралған күні: 10.01.2023 ж.).

жұмыскерлердің аттары және сауатын сиырлары болмаса, таяуда қара-құра көрінбейді (С.Сейфуллин). Және жалғаулығы салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жеке сөйлемдерді де ыңғайластыра байланыстыра береді.» [5, 365-б.].

Серіктестіктер туралы заңның 19-бабының 5-тармағында «В случае если учредители товарищества приняли решение осуществлять свою деятельность на основе типового устава товарищества с ограниченной ответственностью, то в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» представляется заявление по форме, установленной Министерством юстиции Республики Казахстан.» деген норма қазақ тіліндегі мәтінде «Егер серіктестіктің құрылтайшылары өз қызметін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлгілік жарғысы негізінде жүзеге асыру шешімін қабылдаған жағдайда, онда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш ұсынылады.» деп аударылған. Мұнда «В случае если» деген тіркес «болмаса, немесе, әйтпесе» деген тәрізді шарттық қатынасты білдіру үшін қолданылатын «егер» жалғаулығы мен «жағдайда» сөзі арқылы беріліп, шартты рай тұлғалы сабақтас құрмалас сөйлемнің өзіне тән негізгі жасалу жолы негізге алынбаған.

«Шартты райлы етістік ықшамдалған тұлғада жедел өткен шақ тұлғасы сияқты жіктеледі, сөйлемде негізінен алғанда тиянақсыз тұлға болып қолданылады, сондықтан көбіне-көп шартты бағыныңқылы сөйлемнің баяндауышы қызметінде жұмсалады» [6, 513-б.].

Сабақтас сөйлемдердің әрқайсысының өзіне тән негізгі жасалу жолы болады. Мәселен, амал бағыныңқылы сөйлемдерді жасаудың негізгі тәсілі-п форматты көсемшелер болса, себептілік қатынаста тұрған бағыныңқыларды жасаудың негізгі тәсілі - шығыс септігінде тұрған есімшелер. Сол сияқты шартты бағыныңқылы сабақтас жасауда шартты рай жұрнағы, мезгіл бағыныңқылы сабақтас жасауда жатыс септігіндегі есімше жиі қолданылады.» [6, 717-б.].

Аталған нормада сөйлем «егер» шартты жалғаулық шылауы арқылы жасалғаны, демек шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының баяндауышы етістіктің -са, -се шартты рай тұлғасынан болатыны назарға алынбаған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере оты-

рып, көрсетілген тармақтарда жалпылау есімдігімен тіркескен сөздерді жекеше түрде қолдану және сөйлемдер арасындағы шарттық қатынастарды дұрыс беру үшін норманы шарттық рай формасында жазу керек деп есептейміз.

### Қорытынды

Заң мәтіндерін тілдік тұрғыдан талдай келе, жоғарыда келтірілген қателер заң шығарушының заң жазу ережелері мен техникасын меңгеру қажеттілігін, сондай-ақ заң тілі қазақ тілінде іргелі зерттеулер жүргізуді талап ететін саланың бірі екенін көрсетеді.

Сондай-ақ заң мәтінінде қателер мен олқылықтардың болуын заң мәтінін дайындау барысында болатын асығыстықпен, оларды сауатты редакциялау мүмкіндіктерінің болмауымен, қазақ тілінде заң жазу техникасының жоқтығымен де түсіндіруге болады.

Дегенмен тілі мен стилі бойынша заң мәтінімен жұмыс істеу заң жобасын талқылау және қабылдау сатысында ғана емес, сонымен қатар оны әзірлеу сатысында да жүзеге асырылуы керек. Қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларына қатаң сәйкес келетін және тіл мен мәтінге қойылатын белгілі бір талаптарды (құқықтық материалды баяндаудағы біркелкілік, дәлдік, айқындық, жүйелілік және т.б.) сақтауға ықпал ететін заңи құжаттарды жазу кезінде тілдік құралдарды қолдану ережелерінің (лексикалық, грамматикалық, синтаксистік) нақты жүйесін әзірлеу қажет.

Заң ресми стиль мен лингвистикалық сауаттылықтың үлгісі болуы керек. Қазіргі заңнамада заң терминологиясын қолдануда лингвистикалық қателердің болуы оларды жою және келешекте пайда болуының алдын алу үшін шаралар жүйесін әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

Қорыта келгенде, құқықтық акті мәтінінің сапасы жоғары болуын қамтамасыз ету мақсатында:

- заң терминологиясын қолдану барысында анықталатын қателерді болдырмау үшін қолданыстағы заңнамаға ауқымды мониторинг жүргізу;

- анықталған қателерді жою және келешекте болдырмау бойынша шаралар қабылдау;

- терминдерді бірізділікке келтіру мақсатында мәтінде заң терминологиясын қолдану қағидаларының жинағын әзірлеу және ресімдеу;

- нормативтік құжаттарды жасаудың нақты құралдарын, тәсілдері мен ережелерін анықтау мақсатында құқықтың әртүрлі са-



лаларына қатысты заңнамалық техниканы зерттеуді дамытуға жағдай жасау;

– кәсіби заң қызметімен айналысатын немесе айналысқысы келетін адамдарға арналған ағартушылық және білім беру шараларының кешенін іске асыру, жоғары оқу

орындарының білім беру процесіне «Тіл және құқық», «Заң шығару техникасы» сияқты тиісті заң-лингвистикалық пәндерді курстар немесе арнайы курстар түрінде оқытуды енгізу қажет деп пайымдаймыз.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Тілі нақ, рухы ұлтқа жақ заңнамаға қалай, қайтіп қол жеткізуге болады?* <https://egemen.kz/article/2244-tili-naq-rukhy-ultqa-zhaq-zanhnamagha-qalay-qaytip-qol-zhetkizuge-bolady> (қаралған күні: 10.01.2023 ж.).

2. С.Ж. Жанжигитов, Б. Әбдуәлиұлы. Заң құжаттарының стилистика саласында зерттелуі. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – Астана: ЕҰУ, 2023. – № 2(143). – 39-50 б.

3. Мединаева А.А. Қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктері. Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. – 2015. – № 4 (40). – 114-118 б.

4. Тілдің грамматикалық жүйесіндегі нөльдік морфема. <https://emle.kz/articles/304> (қаралған күні: 09.10.2023 ж.).

5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

6. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

## REFERENCES

1. *Tili naq, rýhy ultqa jaq zańnamaǵa qalai, qaitip qol jetkizýge bolady?* <https://egemen.kz/article/2244-tili-naq-rukhy-ultqa-zhaq-zanhnamagha-qalay-qaytip-qol-zhetkizuge-bolady> (qaralǵan kúni: 10.01.2023 j.).

2. S.J. Janjigitov, B. Ábdýalıuly. Zań qujattarynyń stilistika salasynda zerttelýi. L.N.Gýmlev atyndaǵy Eýrazia ulttyq ýniversitetiniń habarshysy. Filologia seriasy. – Astana: EÚY, 2023. – № 2(143). – 39-50 b.

3. Medınaeva A.A. Qoldanystaǵy zańnamanyń tildik kemshilikteri. Qazaqstan Respyblikasy Zańnama instutytynyń jarshysy. – 2015. – № 4 (40). – 114-118 b.

4. Tildiń gramatikalyq júiesindegi nóldik morfema. <https://emle.kz/articles/304> (qaralǵan kúni: 09.10.2023 j.).

5. Ysqaqov A. Qazirgi qazaq tili. – Almaty: Ana tili, 1991. – 384 b.

6. Qazaq gramatikasy. Fonetika, sózjasam, morfologia, sintaksis. – Astana, 2002. - 784 b.